



АНА ТІЛІ

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Ұлт Тағзымы

Сөзі жоғалған
жұрттың
өзі де жоғалады



Құйылып түскен құйма алтын. Тұманбай Молдағалиев жайлы ой-толғаныс



«Бұл оқиға өткен ғасырдың алпысыншы жылдары болып еді. Сол кезде халыққа кең тараған бір басылымда болашағынан үлкен үміт күттірген талантты жас ақын жайлы сын мақала жарияланды. «Мақаладағы асығыс айтылған ащы сөздер жас ақынның жүрегіне жүк түсіруі мүмкін ғой» деп ойладым мен. Оның өлеңдерін жаттап өскен мен бұған қатты қапаландым. Мұны әділетсіздік деп бағалап, ақынды қызғыштай қорғап көлемді мақала

жаздым. Өзім жақсы көретін жас ақынды жалаң мадақтаған жоқпын, орынсыз сынды орайын тауып, нақты дәлелдермен жоққа шығаруға талпындым. Басылым қызметкерлері мақаланы басудан бас тартты. Ондағы айтқан дәлелдері: «Басылым өз пікірін жариялады. Енді өз сөзімізді өзіміз жоққа шығара алмаймыз» десті. Жастық жалын мені бас редактордың алдына алып келді. Оған айтқан дәлелім: «Бір автордың пікірі үкім бола алмайды. Өзге пікірді де «Қарсы мақала» деген атпен жариялауыңызды өтінем» дедім...»

Мақала жарық көргеннен кейін «С.М. Киров, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы Тауман Салықбайұлы Амандосов шақырады» деген хабар жетті. Ақсақ Темір сияқты бір аяғын сылтып басатын декан сол әмірші сияқты қатал, әйтсе де, әділ еді. Осының алдында ауырып, бір жеті дәріс тыңдай алмаған «мені қандай жаза күтіп тұр екен» деп қорқып кеттім. Қорқыныштың үлкені – жатақханадан шығып қалу еді. Алыстағы ауылдан көп ұзап шықпаған мен, «көшеде қалам ба?» деп қобалжыдым. Үрейленіп, үрпиіп деканға келгенімде ол кісі:

– Өзің іздеген студент осы, – деп таныстырды мені жанында отырған жас ақынға.

– О, батыр, келші бері, енші құшағыма, – деп, мені бауырына басты жас ақын.

– Охо, менің студентімді көкке көтеріп тастадың ғой, – деп, алтын тісі жарқырай күлді Тауман Салықбайұлы.

– Тәке, азуы алты қарыс атақты сыншыға тойтарыс беріп, сын сойылынан арашалап алған жігітті батыр демей, кім дейміз, – деп, жұмсақ жымыды жас ақын.

Жүзінен нұр төгіліп, жұмсақ жымыған жас ақын – Тұманбай Молдағалиев. Тұмаған мені өзінің сүйікті жары Күлтай жеңешемнің ата-анасының үйіне алып келді. Ол кісілер қала іргесіндегі ауылда тұрады екен. Жеңіл көлікті ұршықша үйірген Тұмаған жол бойы атасы Қасым, енесі Насиха жайлы біраз әңгіме айтты. Жылқы бағып, ел байлығын еселеген ерлі-зайыпты Қасым мен Насиха екеуі бірдей 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алыпты. Қалаға қайтып оралған соң арада бір апта өткенде Тұмаған көк базардың

жанындағы үйіне ертіп апарды. Арада екі жыл өткенде мен туған күнімді тойлауға бекіндім. «Туған күнді атап өту» дегенді ауылда жүргенде білмеуші едік, қалаға келіп үйрендік қой. Шақыру билетінде:

Мен келгелі дүниеге тербетіле,

Жиырма төрт қаңтар кепті жер бетіне.

Кел, достар, шаттығымның шәрбатын ал

Менің туған күнімнің құрметіне, – деп, Тұмағаңа еліктеп өлеңдеттім.

Туған күн тойыма Тұмағанды шақыруға бекіндім. Ол ойымды курстас достарым Қойшығара Салғарин мен Мүсілім Құмарбековке айтып едім, Қойшыкең:

– Атағы аспандап тұрған ақын бізді қайтсын, келе қояр дейсің бе? – деп өз күдігін айтты. Ал, Мүсілім болса:

– Жастарға жақын жүрген ақын ғой. Мүмкін келіп қалар. Келмесе, шапаныңды шешіп алмас. Шақыр! – деді маған дем беріп.

– Нар тәуекел! Шақырамын. «Құласаң нардан» деген, – дедім мен.

Туған күн кешін өткізу үшін курстасым Бексұлтан Сариевтің көмегімен Розыбакиев көшесінен жақсы бір пәтерді жалға алдық. Кешіміз кешкі сағат алтыға белгіленген еді. Жадырай күлген жарқын жүзді Тұманбай ағам дәл сол сәтте кіріп келді. Жанында ақын Сағи Жиенбаев бар. Менің төбем көкке екі елі жетпей қалды. Мақтанышпен маңғазданып жан-жағыма қарап қоямын. Қызғалдақтай құлпырып, сәмбі талдай солқыл қаққан өңшең сымбаты бөлек сұлу қыздар мен жалын атқан өңкей оғылан жігіттердің арасында атақты қос ақын жандары жасарып, ажарланып сала берді. Студент жастар ән айтып, би билеп, ақын ағаларымыз өлең оқып, кештің көрігін қыздырды. Ән айту кезегі Қалима атты бойжеткенге келгенде ол атақты ақындардан қысылып тартқыншақтай берді. Сол сәт:

Қалима, айналайын, айналайын

Көрсетпесең өнерді,

Сені халқың тани ма?

Сендей қызды сүйеді,

Тұманбай да, Сағи да, – деген жыр жолдары жарқ ете қалды. «Жақсыда жаттық жоқ» деген рас. Атақты екі ақынның кісілігіне сай кішілігі оларды жастармен тез жақындастырып жіберді. Айтып-айтпай не керек, Тұманбай мен Сағи ағаларым сол бір сірә да естен кетпейтін тамылжыған тамаша кештің көркі болып еді ау?!

Әлі есімде, Тұманбай Молдағалиевтің алғашқы жыр жинағы «Студент дәптері» деп аталған қызғылт түсті шап-шағын кітап еді. Сол шағын кітабымен-ақ өмірдің шалқар шындығын таныта келген талантты жас ақынның сүйіп жырлаған сүйікті тақырыбы – жастық пен махаббат. Сол кезде сол кітаптан оқыған:

Ай да бүгін аласарып, төбемізден төнеді,

Сәулешімді, рұқсатсыз, қайта-қайта көреді.

Көлегейлеп, жабар едім албыраған жар жүзін,

Бірақ, менің өзімнің де көре бергім келеді, – деген жалғыз шумақ өлеңін оқыған сәтте-ақ жаттап алып едім.

Көрсетпе, сүй, әуресін,
Берілді жүрек тек саған
Сүю де жақсы, сәулешім,
Сүйікті болу жақсы одан, – деген жолдар да жадымда жатталып қалыпты.
Осыдан жарты ғасырдан астам бұрын жазылған осындай сүмбіле жұлдызы
сынды сұлу жырлар күні бүгінге дейін қазақ дейтін халықпен бірге жасасып
келеді. Бар өмірін өлеңге арнаған ақын үшін бұдан асқан қандай бақ болмақ?!
Оскар Уайльдтен қалған бір сөз бар: «Әйелдер оларды түсіне білу үшін емес,
сүйе білу үшін жаратылған». Мен «Тау жолы» дейтін алғашқы романымда:
«Әйелсіз өмір – айсыз түн» деп жазып едім. Менің ұғымымда, әлемнің кілті –
әйелде. Әйел жаны – әлемнен де күрделі. Құдай тектес құдіретті әйел жанын
бір кісідей түсініп, ең көп жырлаған, дөп жырлаған ақындардың бірі ғана
емес, бірегейі – Тұманбай Молдағалиев.

Әйел жаны теңізден тереңірек,
Әйел жаны күннен де шуақтырақ, – екенін көкейіне көркем сөзбен құйған
ақын:

Күндізде де, түнде де мен үшін көзін ілмеген,
Мен әйелдер махаббатынан гүлдегем.

Қасиеттен хабарсыз өтер өзі де,

Әйел жанының қасиетін білмеген. – деп, жан сырын жайып салған Тұмаған:

Үлбірей ме, айтшы, үзіле ала ма гүл мендей,

Арулар күлсе – дүние түгіл күлгендей.

Мен олардың ғашық едім ғой бәріне,

Ғашық едім деп айтуға кеттім үлгермей, – деп те жырлады.

Өмір бойы әйел жанын, ер-азамат махаббатын тынбай жырлап өткен ақын
жыры жыл өткен сайын жаңа бір қырынан жарқырады. Бозбала кезде жазған
бозжорға жырлар жасы алпыстан, тіпті, жетпістен асқанда да босаң тартпай,
басқа бір әуезді әнмен де сөйлей бастады. Соның бір мысалы:

«Самайға түскен қырауды,

Көзәйнек салған көзімді,

Мен жек көруді шығардым,

Көргелі бері өзінді.» – деп басталып:

Күнде бір бақыт табамын,

Салғырты қашты, безінді.

Мен жақсы адам боп барамын

Көргелі бері өзінді, – деп аяқталатын өмірдің өзінен туған өрнекті жыр.

Сондай айтары анық, бояуы қанық бір жақұт жыр:

Кездесеміз, жүздесеміз біз дәйім,

Кәдімгі жас жігіт пенен қыздайын, – деп келуші еді.

Ақын Тұманбай Молдағалиевтің тағдыры – әкесі соғыстан оралмаған
ұрпақтың тағдыры. Содан да Тұмағанның соғыс жайлы жырлары «Жасасын
жеңіс! Жасасын жеңімпаз Совет армиясы!» дейтін жалаң ұранмен қоңсы қона
алмайтын, бітімі бөлек, ойлы, мұңлы жырлар. Содан да ақын:

Соғыс деген – ерлік деген бекер ғой,

Ол туралы менде қазір бөтен ой.

Соғыс деген – балдақты адам жарымжан,
Соғыс деген – соқыр кісі екен ғой
Соғыс деген – жігіт екен қайтпаған,
Анасына жылы сөзін айтпаған,
Соғыс деген – жесір екен зарлаған,
Соғыс деген – жүрек екен тоқтаған, – деп жырлайды. Осы өлеңге жалғаса жазылған:

Ол күндердің болсын қайдан бәрі ұмыт,
Көңіл шерден кетсін қайдан арылып.
Соғыс деген – мәңгі күдік екен ғой,
Ең бір қымбат жолаушыдай сарылып, – дейтін жыр жолдарында өзі тәтті, діні қатты өмірдің қаны сорғалаған ащы шындығы бар. Содан да ақынның:

Батырлықты, ақындықты әкемнің,
Бір жасына айырбастар едім мен, – деген өзекті өртейтін өксікке толы аһ ұрған ащы арманына имандай сенесіз.

Алла Тағала Талант дейтін тарыдай бақ, таудай азап сыйлаған Тұманбай Молдағалиев – махаббат лирикасының марқасқа майталманы екендігін баса айтсақ та, оның кең тынысты, кемел ойлы поэмалар жазған эпик ақын екендігін де айту әділетті болмақ. Өзгесін айтпағанның өзінде, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары жазылған «Ферюза туралы жыр», «Арзы қыз» атты поэмалары мен «Соғысқа жол жоқ», «Ғани көшесі», «Мен өмірді сүйемін» атты дастандары бұған айқын айғақ.

Қазақта арнау өлеңді көп жазған ақындардың алғы сапында Ғафу Қайырбеков пен Тұманбай Молдағалиев тұр. «Шөп те өлең, шөңге де өлең» дейтін жарапазаншылар үшін арнау өлең жазудан оңай ештеңе жоқ. Ал:

Әй, өлең-ай, өлең-ай, өлең-ай,
Нағашым-ай, ағашым-ай, бөлем-ай.
Әуре болып жүр ғой әлі біреулер,
Мені сенен, сені менен бөле алмай.

Әй, өлең-ай, өлең-ай, өлең-ай, досым-ай,
Күлші жайнап, жүрші өмірден жасымай,
Қабағыңа бұлт түсірмей өтермін,
Айналайын асыл қарындасым-ай, – деп өлеңді өміріне балаған бекзат таланттар үшін арнау өлең – өркеші биік өнердің бозөкпелер шыға алмайтын бозқырау шыңы. Тұманбай Молдағалиев өзі жанып сүйген жас қыздарға ғана емес, жақсы көрген жайсаңдарға да жауһар сөздерден өрілген жақұт жырларын арнады. Ақынның арнау өлеңдері өмірдегі барша адамның бір-біріне ұқсамайтыны сияқты бірін-бірі қайталамайтын өзгеше бітімді, өрнекті жырлар. Осы пікірімізге мықты бір мысал – ақынның өткен ғасырда ұстаз досы Мұқан Иманжановқа арнаған жақұт жыры. «Асыл ұстазға» деп аталған, қоштасу жыры:

Оркестр! Тарт қаралы күйінді,
Күңірен!
Қоштасты асыл жан

Көктемнің гүлімен, күнімен

Көктеген алма ағаш

Айрылды бүрінен, – деп көкіректі қарс айырар қаралы сөздермен басталып,
күніренген қайғылы жыр:

Іздедім, өлеңмен тербедім,

Дененді қияды жерге кім?

Аяулы ұстазым, өзінді

Кеудеме жерледім, – деген қайталанбас, қайта тумас өзгеше өрнекпен аяқталады. Қайғының өзінен де өмірдің өршіл үні естілген рухы асқақ өміршең жыр бұл. Ұстазын жерге емес, «кеудеме жерледім» деген тапқыр тенеуді Тұманбай Молдағалиевке дейін ешкім айтқан жоқ.

Тұманбай Молдағалиевтың сүйікті жары Күлтайға, сүйкімді қыздары Құралай, Зәуре, Жазираға, ұлы Дәуренге, немерелеріне, досы Едігеге арнаған өлеңдері – бір төбе. Сезім мен ой он екі өрім қамшыдай шебер өрілген ол гауһар жырлар түнде де сәуле шашатын жақұттай жарқырап тұр. Тұмағанның өмірде көп сыйласқан үлкен ұстазы, қазақтың әруақты, арқалы ақыны Әбділда Тәжібаев болатын. Ақын інісі жайлы Әбекен былай депті:

«Тұманбай екеумізді тағдыр өзі қосты, мен аға, ол іні боп табыстық.

Біріміздің көзімізге екіншіміз махаббат көзімен қарадық. Ешнәрсені айтпай-ақ, бірімізге біріміз жақсы сөздер айтпай-ақ ұғыстық. Бұл Тұманбай – таңғажайып ақындығымен қоса, таңғажайып адам. Ол адамды сүю үшін, оған сену үшін ғана туған. Біз Тұманбаймен Оңтүстік облыстарын бірге араладық. Ол бұл кезде, тіпті, жас еді. Жарқырап жанып отырды. Халық оны танып отырды. Ал, Тұманбайдың менің сексен жасымдағы баяндамасы – бір ғажайып нәрсе. Ол сол баяндамасы арқылы өзінің жан-жақты білімді, терең ғалым болып өскенін дәлелдеді. Мені Тұманбай дүниеге жақсылап тұрып таныстырды. Бұл опера және балет театрында 1989 жылы ақпан айында болған оқиға еді. Оны зал сілтідей тынып тыңдады. Мен ақырын мойнымды бұрып Тұманбайдың жүзіне қарадым. Ол өзі айтып тұрған әңгімесіне, өзі оқып тұрған баяндамасына керемет берілгені сондай, тіпті, қайда тұрғаны, залда оны мыңшақты адам тыңдап отырғанын ұмытып кеткен сияқты. Көзі алыстарға қадалатын сияқты. Бір түрлі әруақтанып, бір түрлі биіктеп бара жатты. Ол сол баяндамасын оқып біткендегі залдың реакциясын айтуға менің сөзім жетпейді. Залдың шапалағынан менің көкірегім ашылып кеткендей болды. Бұл жолы зал маған емес, Тұманбайға қол шапалақтап еді. Үлкен ақынға, үлкен ғалымға қол шапалақтап еді. Бүгін де өтеді. Ертең келеді, ол да өтеді. Біз де бір күні өтеміз. Қазір өлең жазбаймын. Көзім жоқ. Өзім бармын. Жетпіс жыл жаздым ғой. Соған риза болыңдар. Тұманбайдың жаңағы маған арнап оқыған өлеңі өліп бара жатқан ақынды қайта бір тірілткен өлең болды. Мен бір жасап қалдым. Мен, жалпы, Тұманбаймен достығымды өзіме мақтаныш етемін. Жасасын Тұманбай!» Әбекеннің ақын інісі жайлы осылай ағынан жарылар жөні бар. Өйткені, Тұмағаң оған шәкірт қана емес, бұрылысы мен бұлтаңы көп өмірде де сенімді серік бола білген, қартайған ағасын дер кезінде қолтығынан демеген інісі. Тұманбай Молдағалиевтің Әбділда ағасына оның көзі тірі кезінде арнаған өлеңдері – шағын бір жинақ.

Ал, ол қайтыс болғаннан кейін, жазған жырлары – бір төбе. Ол жырлар «Туған жерде тойың өтті», «Әбділда аға тоқсанда», «Токсаныңды туған ел тойлап жатыр» деп, бірін-бірі толықтырған, толысқан, шырайлы шығармалар болып жалғаса береді.

Келді түгел ғылымның касқалары,

Інілерің жиналды баспадағы

Сенің ұлы тойыңның, Әбділда аға,

Өзің сүйген Абайың бас қонағы.

Осы үзік үзіндінің өзінен-ақ ұғымтал шәкірттің ұлағатты ұстазға деген селкеуі жоқ сергек сезімі ғана емес, Әбділда сынды біртуар таланттың бекзат бейнесі де айқын танылып тұрған жоқ па?

Өзімнің сүйікті ақыным, өмірде сыйласып өткен сырлас досым Тұмағаң ойға оралғанда естен кетпес әсерлі сәттер көз алдымда көркем сурет болып тұра қалады. Соның бірі 2000-ші жылдың басында болып еді. М.Әуезов атындағы қазақтың академиялық драма театрында менің алпыс жасқа толған мерейтойыма орай шығармашылық кеш өтіп жатты. Сол кештің көркін келтіргендердің бірі – қайран да жайраң Тұмағаң еді. Ақынның сол кеште оқыған «Қыз жақсы көретін жігіт ең...» деп аталған жыры:

Келген бір кезде кісіге сәнімен білім,

Айта да береді екен ғой әні мен жырын.

Самолет қирап жатқанда ұшақ алаңда,

Періштең қағып, қирамай қалып ең, інім

Қандай іс болса жолында жөнін келтірдің

Кітаптар жаздың кіргізер өңін кемпірдің.

Балалар үшін туатын қалдың да аман

Арманың үшін қуатын өлімді өлтірдің, – деген шумақтармен басталып:

Алпыстың бүгін өзіңсің жонды қонағы,

Жалғыз жортқан жолбарыс жонды болады

Қыз жақсы көрген жігіт ең мына жасыңда,

Алладан жәрдем күткенің онды болады.

Кірлене қоймас ешқашан аппақ жан мынау,

Әдебиеттік өмірде қаптап жандың-ау.

Құралайыңды ертіп ап жетпіс, сексенге,

Тоқсанға қарай аянда, тоқпақ жалдым-ау, – дейтін ағалық ақ тілекке толы

қуатты ойлармен түйінделіп еді. Ақынның осы өлеңі оның 2003-ші жылы

«Қазығұрт» баспасынан жарыққа шыққан таңдамалы туындыларының көп

томдығының тоғызыншы кітабында да, одан бұрын шыққан екен. Бұдан мен

жан аяспас жақсы достың өзіме деген ыстық ықылысы мен шынайы

құрметінің бір белгісін көргендей болдым.

Табиғат-Ана қуатты талант сыйлаған Тұманбай Молдағалиевтің шуақты

жырларының бір парасы әнге айналып кеткелі қашан?! Нұрғиса Тілендиев,

Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов сынды талғамы биік, талабы зор

сазгерлердің Тұманбай Молдағалиевтің өлеңін таңдауы тегін емес. Оның

терең сыры тегеурінді таланттың адам жанының нәзік пернелерін шерте білетін сыршылдығында болса керек. Сырбаз мінезді сыршыл жырлардың авторы Тұмаған теңіздей терең ойлы жақұт жырларды да өмірге әкелген талассыз талант. Ақын шығармашылығының ол ерекшелігі оның ән мәтіндерінен де айқын аңғарылып тұрады. Соның мықты бір мысалы:

Құстар, құстар сызылтып ән салады,

Сол әнімен тербетеді даланы.

Ал адамдар күліп бастап өмірін,

Кетерінде жылай да алмай қалады, – деп халық жиі айтатын «Құстар әні» десек, қателеспейміз. Тұманбай Молдағалиевтің ән мәтіндерінің өзі қалың – бір том.

Тұмағанмен жиырмамыншы ғасырдың алпысыншы жылдарында басталған достық қарым-қатынасымызға оның өмірінің соңғы сәтіне дейін сызат түскен жоқ. Біздер Қазақстанда бірінен соң бірі үзіліссіз өткен мерейтойлар мен жиындарда да, Мәскеуде болған жазушылардың бүкілодақтық съездерінде де, шетел сапарларында да жұбымыз жазылмай иықтасып қатар жүрдік.

Өткен ғасырда Қара теңіз жағасындағы жазушылардың демалыс үйі «Питцундада» да жанұямызбен бірге демалдық. Арыстан жалды асау толқындары жағалауға тынымсыз ұмтылған теңіз жағасында бірде терең ойға шомылып үнсіз жатқан, бірде тебірене сыр шертіскен сәулелі сәттер сірә да естен кетер ме, ақаусыз ақ көңіл мен адал достыққа өзге қызық жетер ме?

Қара теңіз жағасында жағамыз жайлауда жүрген сол бір жарқын күндердің бірінде жазушылардың демалыс үйіне Тұмағанның сүйікті, сүйкімді қызы Құралай келе қалмасы бар ма? Құралайдың жанында Әлия атты үш жасар бөбегі бар екен. Барлық жағынан жайлы осы демалыс үйінің бір жағымсыз жері – жас баласы бар кісілерді қабылдамайтын қатаң тәртібі бар екен. Бұрын жоқ еді, сол жылы пайда болыпты сол қатаң тәртіп. Себебі – өткен жылы бір жазушының кішкентай немересі балконнан құлап, мерт болған екен. Сол себепті де Тұмаған қиын жағдайда қалды. Демалыс үйінің қатаң тәртібіне орай, не Құралай кішкентай бөбегімен бірге Алматыға қайтып кету керек, не бір орайын тауып, оларды занды түрде демалыс үйіне орналастыруымыз керек. Сол жылдары бүкіл одақтық Әдеби қордың қазақстандық бөлімді басқаратын маған Тұмаған «Мына демалыс үйінің директоры грузин жігіт досың ғой, осының бір жолын тап» деп қолқа салды. Жаны жақсы аяулы достан аянатын не бар? Мен демалыс үйінің директорына келіп:

– Қазақтың атақты ақыны Тұманбай Молдағалиев менің досым ғана емес, ұстазым. Бұл өмірде дос пен ұстаздан қымбат кім бар? Сізден Тұманбай Молдағалиевтің немересінің атасымен бірге Қара теңіз жағасында демалуына рұқсат беруіңізді өтінемін, – деп қолқа салдым.

Алғашында Балтық жағалауындағы республикаларда өткен әрқилы семинарлар мен әр түрлі жиындарда кездесіп танысқан, кейін Мәскеуде жиі кездескен директор бұл өтінішімді орындай алмайтындығын қадап айтты.

Оның да орайы бар.

– Жас баласы бар кісілердің қабылданбайтыны жайлы бір қолыммен бұйрық жазып, екінші қолыммен оны жоққа шығарып жатсам қалай болады? – деді

ол.

– Бір балаға бір жолға кеңшілік жасасаңыз, дүние төңкеріліп кетпес. Алыстан арып-ашып жеткен ана мен баланы кері қайтару қай қисынға сияды? – деп, мен де табандап тұрып алдым.

Ақыры не керек, өліп-өшіп Тұмағанның немересі үш жасар Әлияның Қара теңіз жағасындағы демалыс үйіне заңды түрде орналасуына қол жеткіздім. Жасақты жауды жеңген жеңімпаз сардардай көкірегім қуанышқа толып, Тұмағана жағымды жаңалықты дереу жеткіздім. Даналық пен балалық егіз ғой. Сол сәттегі Тұмағанның жас балаша қуанғанын көрсеңіз.

– Жарайсың, батырым! – деп, ақын ағам ағынан жарылып құшағына қатты қысып еді. Бұл хабарға қатты қуанған Күлтай жеңешем сол кеште дереу дастарқан жайды. Қуанышқа жайылған ақ дастарқан басында Құралаймен бірге анамыз Патшайым Тәжібаева да болып, аналық ақ батасын беріп еді. Сондағы сүйікті қызымыз Құралай жарық дүние дейтін жалғаннан ерте озды. Өзгеше жақсы көретін перзентінің мезгілсіз келген ажалына Тұмағанның қатты қайғырып, жаны күйзелгенін де көрдік. Адамзат бір ананың – Табиғат атты ұлы Ананың ортақ перзенті ғой. Табиғаттың қысы мен жазы, күні мен түні болатыны сияқты, өмірдің де қуанышы мен қайғысы да қатар жүрмей ме? Құралайының қазасына қатты қайғырған Тұмағанның көңілін жұбатқан сол сүйкімді Әлия бүгінде өркениетті ел – Парижде оқып жүр. Патшайым Тәжібаева дүниеден озғаннан кейін, сексен жылдық мерейтойы өтіп еді. Сол тойда Тұмаған тебірене сөз сөйлеп, Патшайым Тәжібаеваға арнаған өлеңін оқыды. Жақсы жырды жырымдап үзінді келтіру, не оның мазмұнын баяндау – өлеңге обал. Сол себепті де Тұмағанның «Ғалым әпкем» атты сол өлеңін үзіп-жармай, тұтас келтіруді жөн көрдім.

Көзімен, көңілімен тыңдап бәрін,
Ол шешті жер астының жұмбақтарын.
Жолында арманының қалап түскен,
Білмеді таң атқанын, күн батқанын.

Ақырын алға аттады сағы сынбай,
Қоя ма ерге тағдыр жол ұсынбай.
Сөйледі ағылшынша ағылшындай,
Сөйледі орысшаны орысындай.

Ғылымда әрқашанда болды жолы,
Тереңнің ғаламатын алды қолы.
Абайдың өлеңдерін айтқанында
Екінші Бибігүл деп қалдық оны.

Жетектеп немересін, баласын да,
Ол жүрді қалың топтың арасында.
Көрдім мен, сол әпкемді тұңғыш рет,
Кәдімгі Қара теңіз жағасында.

Сымбаты сынған емес, ол күнде де,
Кінәрат жоқ көңілінде де, көркінде де.
Толқынның арасында бара жатты,
Қақ жарып толқындарды толқын дене.

Алдыма алып келді сол күн бәрін,
Қажыған, сәл шаршаған алтын дарын.
Қазақтың ғалым қызы бара жатты
Қақ жарып Қара теңіз толқындарын.

Апарған алыстарға Азиянды,
Білген ол неден пайда, не зиянды.
Атақты әпкемізге, көк теңізде,
Көп қарай беруге де көз ұялды.

Суда да қалмайды екен із көрінбей,
Толқын, толқын бола ма, жүз бөлінбей...
Қара теңіз өрінде құлаш ұрды ол
Ғылымның теңізінде жүзгеніндей.

Саналы көріктерге нұр құюға,
Жетсем деп зерек қыз бен қырғи ұлға.
Сол әпкем, сол теңізде әлі күнге,
Жүзіп бара жатқандай бір қиырға.
Осы бір арнау өлеңнің өзінен-ақ Тұманбай Молдағалиев талантының хас талантқа тән шеберлігі мен жауһардай жарқыраған алуан қырлары айқын танылып тұрған жоқ па?

Тұманбай Молдағалиевтің тамаша бір қасиеті – адамның бойынан тек жақсылық іздейтін. Ол үшін мына жарық дүниеде жаман адам жоқ. Әйтсе де, ол кейбіреулердің бойында кездесетін қызғаншақтық пен күншілдікті, жер мен жүзге бөлуді ұнатпайтын. Сатқындықты өлердей жек көруші еді. Иықтасып қатар жүрген достары мен соңынан ерген шәкіртерінен қамқорлығы мен жылы сөзін аяп қалмайтын. Қабағыңнан кірбің көрсе, көңіл күйіңді көтергісі келіп тұратын.

Күні кеше ғана еді ғой, Тұмағанның Күлтай жеңешемді ертіп Қасым Аманжоловтың жүз жылдық мерейтойына Қарағанды мен Қарқаралыға барғаны. Сол өткен – 2011 жылдың қыркүйегінде ағамызға еркелеп, онымен иықтасып қатар жүріп едік. Қарағанды қаласында Қасым Аманжоловқа қойылған ескерткішті ашуға арналған митингіде сөз сөйлегенімде Тұмағаң: – Өте жақсы айттың. Жақсы сөз осындай әрі қысқа, әрі нұсқа болуы керек, – деп қолымды қуана қысып еді.

Қарақаралыға шаршап жеткенімді қабағымнан жазбай таныған Тұмағаң:
– Сәбитжан, өңің жүдеу ғой, саған не болған? – деп, бәйек болды.
– Ауырып жүрмін, Тұмаға, – дедім мен.
– Сенікі не ауру?

– Жүрек қой, Тұмаға, жүрек.

– Жүрегіңе жүк түсірме, – деп мені құшағына қысты да, жанымда тұрған жан-жарым Құралайға:

– Құралайжан, Сәбитжанды сақта, жақсылап күт. Қазақтың екінші Сәбиті бізге ғана емес, халқымызға да керек. Бүгінге дейін жазғаны аз емес, берері де көп екеніне сенемін, – деп, құлазыған көңілді бір көтеріп тастап еді. Сөйткен қайран Тұмаған, сол Қасымның тойынан кейін бір ай өтпей жатып кенеттен қайтыс болды. «Ауруханаға жатып қалды» дегенді естіп, жедел жетіп едік, жансақтау бөлімінде екен, жүздесудің сәті түспеді. Сол жерде бар болғаны төрт-ақ күн жатып көз жұмды.

Ауыр қаза онсыз да сырқат жүрекке сызат түсірді. Аһылап-үһілеп Тұмағанның үйіне жеттік. Жанымыз жылап тұрып өздері жылап отырған Күлтай жеңешем мен Жадыра қарындасымызды жұбатуға тырыстық. Үйге келгесін де жаным жай таппай Тұмағанның кітаптарын парақтай бастадым. «Адамның жазуы қандай болса, жан дүниесі де сондай» дейтін бір сөз бар. Оның шындығын кім біліпті? Шығар күндей бір шындық Тұмағанның жазуы да өзіндей сұлу еді. Автограф дейтін қаламгер қашып құтыла алмайтын жазуды бәріміз болмасак та біразымыз асығыс-үсігіс сүйкей саламыз. Тұмаған бұл жағынан ұқыпты еді. Оның жазуынан өзі қолтаңба берген адамға деген ықыласы мен бағасы да айқын аңғарылып тұрушы еді. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Тұманбай Молдағалиевтің «Ферюза туралы жыр» деп аталатын пышақтың қырындай ғана жұп-жұқа жыр кітабы шықты. Көлемі шағын болғанымен, мазмұнға бай кітап еді ол. Сол жыр жинағына Тұмаған «Талантты Сәбит бауыр! Болашақ күндеріңе әрі қызығып, әрі қуана қарайтын дос көңілдің сыйы деп қабылдарсың. Тұманбай 19. III. 1964» деп қолтаңба жазып, сыйлап еді маған. Одан кейін де сан кітабын сыйлады саңлақ ақын. Оның бәрін термелей бермей, 2002 жылы «Қазығұрт» баспасынан шыққан таңдамалы туындыларының он томдығының бірінші томына жазылған қолтаңбасын келтіре кетейін: «Ерте күннен ұғысқан Сәбит інім, саған бақыт, ұлы жол тілеймін. Тұманбай. 22.XI. 2006». Арада қырық жылдан астам уақыт кеңістігі жатқан осы екі қолтаңбада ақынның өзіне тән жазу мәнері, ойлау жүйесі ғана емес, көрегендігі де жатыр.

Тұмаған таңдамалы туындыларының көп томдығының бірінші томына жазылған алғы сөзінде: «Адамдарды жақсы көруден жалыққан емеспін. Айналамды туған бауырымдай сүйдім. Адал жарымдай аяладым. Ешкімнің бағына қызыққам да жоқ және біреудің бағын қызғану маған жат мінез» деп жазыпты. Жалтаңы жоқ жан сырын жалтақтамай жайып салған ақын ағамыз кезінде:

Төтелеп мен тартып келем,

кедір-бұдыр жолменен,

Тауда жатыр бұлт бүркеліп,

тас та жатыр көлденең.

Жолаушымын ешқашан ұйқы,

күлкі көрмеген,

Келешектің күндеріне,
түндеріне шөлдеген.

Бүкіл барлық арманымды алып ұшып
мен келем

Қуансам да, жыласам да,
ағып барып құлайын,
Жүрегімнің соңғы нұрын жағып
барып құлайын,
Жұлдыз болып жанып барып,
жанып барып құлайын,

Не де болса барып, барып құлайын, – деп те жырлап еді. Талантты, қанатты ақын өзі айтқандай, өз биігінде жанып кетті. 2011 жылғы қазан айының 11-жұлдызында қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Тұманбай Молдағалиевпен бірге қазыналы қазақ өлеңінің тұтас бір дәуірі кетті.

Өлеңді жазған кезінде,
Өзгені мүлде ұмытып,
Жанады бір от көзінде,

Бөлменің ішін жылытып, – деп жырлаған ақыннан айрылу жалғыз маған ғана емес, өлең сүйер өзгелер үшін де өте ауыр болды. Бұл қазақ поэзиясы үшін орны толмас ауыр қаза еді. Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында өткен ақынмен қоштасуға келген халықтың қарасы өте көп еді.

Халық кернеп кеткен аумағы ат шаптырым алаңда сөзін Тұмағаң, әуенін Нұрғиса Тілендиев жазған «Құстар қайтып барады» әнінің әуені ақырын естіліп тұрды. Ақынның өзі жырлаған құстар тәрізді оның «күзде халқымен қоштасқанымен, көктемде қайта оралып келеді» деген бір нәзік сезім жүрек қылын шертіп еді сол сәт. Сезім солай дегенмен, ақыл-ойымыз өлгендер қайтып келмейтінін еске салды. Бір нәрсе анық, ақиық ақынның өзі өлгенімен, сөзі өлмейді. Тұманбай Молдағалиевтың азаматтық қасиетіне қайырылсақ, ол жарық дүниеге қара көзілдірікпен емес, махаббат көзімен қараған, сымбаты бөлек сұлулықтың сырын ұққан жаны жайсаң жан!

Ақындығын айтса – құйылып түскен құйма талант.

Содан да Тұманбай Молдағалиев: «Қазақ дейтін халықтың баласымын» деп өзі жырлағандай, сол ана халық, дана халық қазақпен бірге жасай береді.

Сәбит Досанов, жазушы, Ресей Әдебиет академиясының академигі
«Парасат» орденінің иегері